**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Наурыз айы 2024 жыл 3 апта**
**№3 «Құлыншақ»ортаңғы тобы**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі**<br>**18.03.2024** | **Сейсенбі**<br>**19.03.2024** | **Сәрсенбі**<br>**20.03.2024** | **Бейсенбі**<br>**21.03.2024** | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Әз наурыз әнімен қарсы алу | Мен қазақпын әнімен қарсы алу | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әнгімелесу. | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әнгімелесу | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әнгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Көктем туралы тақпақтар жаттау<br><br>**Көркем әдебиет,коммуникативтік дағдылар** | Иыр иыр иыр Сүт береді сиыр **көркем әдебиет** | Көктем күні шуақты,<br>Көктем күні қуатты.<br>Көктем күні шуақты,<br>Сай - салад су<br>ақты **Көркем әдебиет** | Көктем, көктем көктемде<br>Құстар келіп жеткенде.<br>Қуанып бір қаламыз.<br>Әнмен қарсы аламыз **Көркем әдебиет** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені№14 (құралмен)<br>І.Бір қатармен жүру.Жүру түрлері:ұшымен,қол жоғары;өкшемен қол иықта;жартылай отырып,қол белде.Жүгіру түрлері:бір қатармен;бір-бірімен,қолдарымен ұстап.Екі қатарға тұру.<br>ІІ.Б.қ-н.т.,қол белде<br>1.Басың оң жаққа еңкею.2.Сол жаққа еңкею.3.Алдына еңкею.4.Артқа еңкею<br>. Б.қ аяқты кең ашып тұрысы,оң қол жоғары<br>1-2.Оң қолын артқа қарай шығару.3.Сол қолын артқа қарай шығару. (5-6 рет)<br>. Б.қ аяқты кең ашып отыру<br>1.Тізені өзіне тарту.2. Тізені қолдарымен құшақтау.3. Отыру.4.Б.қ (5-6 рет)<br>. Б.қ. негізі тұрысы,қол белде<br>1.Оң аяқты алдына шығару.2.Б.қ.3.Сол жаққа отыру,қол жан-жаққа.4.Б.қ7(6-7 рет)<br>.Б.қ негізі тұрысы,аяқтың кең ашып секіру (5-6 рет)<br>ІІІ.Жүгіру.Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу «Шар»-ерінді жұмып,ұртынды томпайту;жұдырықпен жайлап жұмылу,еріннен | | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауаны шығару(5-рет) **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау: күндіз-түнде, таңертең-кешке | Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнау дағдысын жетілдіру | Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. | Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар.Негізгі қимылдар: бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру;бірінің артынан бірі жүгіру; | **Музыка** Ән айту: Ән қарқынын түсіне, топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.Музыкалы қ-ырғақты қимылдар: Қазақ халқының би өнерімен танысады. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындайды, | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар.Негізгі қимылдар: бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру;бірінің артынан бірі жүгіру;Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату;Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу, Сапқа бір-бірден тұру. Қимылды ойын: | **Қазақ тілі** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өз | ойындарда таныс би қимылдарын қайталайды | Тышқандар мен мысық | | |
| | Салт-дәстүр дегеніміз-белгілі бір рәсім,әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер.<br><br>*Демонстрациялық материалдармен жұмыс.*Суреттерге назар аудару.Мына суретте жаңадан туған нәрестені бісікке бөлеп жатыр.Бұл-қазақ халқының ежелден келе жатқан «бесікке бөлеу» дәстүрі.Суреттен тағы нені байқауға болады?<br><br>Анасы кішкентай баланы бесікке бөлеп,ұйықтату үшін «бесік жырын» айтады.Сендердің аналарың ұйықтатар алдында қандай бесік жырын айтады?<br><br>Ежелгі салт-дәстүр бойынша қазақ халқы жаңа жылды наурыздың 22 күні қарсы алған екен. Бұл күнді «Наурыз мерекесі» деп атайды. Наурыз мерекесіне ел-жұрт ерекше дайындық жасайды.<br>Осымен қатар, | -Бір тамаша әңгіме тыңдағыларың келеді ме?Қуыршақ театры арқылы көрсету.Бұрынғы өткен заманда бір жас жігіт өз бақытын табу үшін әлемді шарлап іздеуге шығады.<br>Айлар,жылдар өз бақытын іздейді көптеген елдерді, қалалардан өтеді,өз бақытын еш жерден таба алмайды. Бір күндері еліне қайтпақшы болады, бірақ қайтып баратын жолды ұмытып қалады.<br>Тастың үстіне отырып, басын төмен түсіріп жылап отырады. Бір сәтте жанына бір қария кісі келеді.<br><br>-Неге жылап отырсың? Қайда тұрасың?<br><br>-Білмеймін өте алыста тұрамын.<br><br>-Елің қалай аталады?<br><br>-Білмеймін,<br><br>-Мен саған көмектесе аламын, егер сен өз еліңің | Атым – қазақ, текті батыр ұланбыз,<br>Қадірлейміз қазағымның мұрасын.<br>Әдептілік – сұлулық пен теңдессіз,<br>Дәріптейміз ата дәстүр бұлағын. **Көркем әдебиет**<br><br>**Кел танысайық ойыны**<br><br>Кез- келген тұрмыстық заттардың (асхана аспаптары, музыкалық аспаптар немесе киімдер) нобайын орындап, таныстыру.**Қоршаған ортамен таныcу**<br><br>**Топтастыр ойыны**<br><br>Біреу және көп заттарды ажырату, заттардың кеңістікте орналасу ретін анықтау.**Математика негіздері**<br><br>**Анимациялық ойын ұлттық ыдыстар**<br><br>Ұлттық ыдыстарды көлеңкесімен сәйкестендіру атын атау.**Сөйлеуді дамыту**<br><br>Нүктелі сурет салу әдісімен кесенің суретін | Балалар, (суретке назар аударып) ал осы салт - дәстүрді кім біледі? Біз бүгін жаңа салт - дәстүрмен танысамыз.<br>Тосын сәт: Қонаққа әже келеді.<br>Әже: — Сәлеметсіңдер ме балақандарым.<br>Тәрбиеші: — Балаларым ,келіңдер мына бесіктің жанына отырыңдар. Мынау бесік деп аталады. Бесікті таза ағаштан жасайды. Мен сендерге Асылжан бөпені бесікке қалай бөлеу керек екенін Әжеміз көрсетсің .Сендер мұқият қарап отырыңдар. Бәрің де осы бесікте жатып,өскенсіңдер.<br>Әже: Ең алдымен бесіктегі баланың бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал мынау бөпенің үстіне жамылатын көрпесі. Мынау белбеуі,бала құлап қалмас үшін белінен және аяқ тұсынан осы белбеумен байлап қояды.<br>Бесікті бала ұйықтағанда шошып-қорықпау үшін сіріңкемен аластаймын. (бесікті аластайды)<br>«Алас-алас,пәледен алас,<br>Иесі келеді,пәледен қаш!<br>Алас-алас,пәледен алас<br>Көзі жаманның көзінен алас<br>Тілі жаманның тілінен алас,<br>Отсыз омыртқасынан алас»<br>-Балалар ,қарандаршы бесіктің де,төсеніштің де ортасы | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мерекеде әжелеріміз салт-дәстүрлерді жасап, түсіндіреді. Қазақтың салт-дәстүрлеріне мыналар жатады: шілдехана, ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесер, тіл ашар және т.б. оларға жеке тоқталу үшін суреттерге назар аударыңдар!<br>*«Бесікке бөлеу»ойыны*<br>Педагог алдын ала дайындаған қуыршақты,бесікті алып шығады.Бір қызды қасына шақырады.Бесік жырын айтады:<br>-Менің балам қайда екен?<br>Асқар-асқар тауда екен.<br>Тауда неғып жүр екен?<br>Алма теріп жүр екен.<br>Алмасынан,кәнеки,<br>Жаңа теріп жүр екен.<br>Қызыл алма қолында,<br>Қыздар оның соңында.<br>-«Бесікке бөлеу»-кішкентай бала үшін өте маңызды.Баланың сымбатты,денесі түзу болып өсуі үшін ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген.<br>-Келесі суретте не бейнеленген?<br>Бесікте жатқан бала өсті,тәй-тәйләп жүре бастады.Енді көп құламай тез жүріп | халық әнін, салт-дәстүрін айтып берсен?<br>-Жігіт абыржып қалады, өз елі туралы ештене есіне түсіре алмайды,ойланып атаға өз сөмкесін ұсынады.<br>-Міне қараңыз бұл заттарды мен өзімен үнемі жол бойы алып жүрдім.-Балалар қарандаршы, әдемі коржында қай елдің заттары бар екен.<br>Бұл не?<br>-Қоржын<br>-Қоржын өрнек<br>-Торсық<br>-Тостаған<br>-Қасық<br>- Кесе т.б<br>-Балалар қай елдің заттары екен? Біз барлығымыз жігітке Өз Отаның, салт-дәстүрін еске түсіруіне көмектесейік.<br>Дидактикалық ойын: «Заттарды дұрыс орналастыр»<br>Балалар екі топқа бөлінеді.<br>1-топ – «40 - шығару» салт - дәстүріне кажетті заттарды алады, суреттің қасына қояды. | салу.**Дәстүрден тыс сурет салу**<br>Ұлттық ойын қалауыңыз бойынша.**Дене шынықтыру** | ойылып алып тасталған екен. Себебі сол жерде түбегі тұрады.<br>Ал мынау шүмегі,осы шүмек арқылы баланың кіші дәреті түбекке құйылып, баланың денесі былғанбай таза болады.**Қоршаған ортамен танысу,көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кетсін деп,ол бала[illegible]ың тұсауын кеседі.<br>Адал,шыншыл бала болсын деп,тұсауын «ала жіппен» кеседі.Қазақ халқында «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел бар.Оның мағынасы-ешқашан өтірік айтпай,ұрлық жасамай,үлгілі,өнегелі азамат болып өссін дегенді білдіреді.<br>-Жаңағы кішентай бала өсіп,5-6 жасқа келді.Үлкендер оған жеке тай атап,ашамай (тайға арналған кішкентай ер-тоқым) істеп,қамшы өріп, «Сен азамат болдың» деген сезімұялатып,үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп мінгізіп,жүргізеді.Осы қуанышта атасы:<br>Ал ақ тілек,ақ тілек<br>Атқа тоқым сал білек.<br>Атта жақсы шаба біл,<br>Өнеге,өнер таба біл,<br>Аймағыңа жаға біл.<br>Атқаміндің,ақ жол болсын!-деп бата береді. **Қоршаған ортамен танысу,көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту** | 2- топ –«Тұсау кесу».<br>Тәрбиеші: - «Тұсау кесу» дәстүрін өткізу үшін қандай заттар керек?<br>Балалар: - қайшы, түсті жіптер<br>**Қоршаған ортамен танысу,көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту** | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Бақылау. Табиғат өзгерістерін бақылау. Жел соғады, күннің көзі жылытады, қар ериді.<br>Үлескедегі еңбек: Жолды тазалау. Аула сыпырушының еңбегін бағалау.<br>Қимылды ойын: «Аю мен балалар», «Қолғап» аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Көктем туралы өлең, тақпақтар жатқа айту:<br>Сәуір болса,<br>Күн күркірер<br>Күн күркіресе<br>Көк дүркірер.<br>Өзіндік іс – әрекет: үлкен топтың балалары қардан жолды қалай тазалар екен соны тамашалау. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | Бақылау: Көктемгі желді бақылау.<br>Жел соғады бетіме,<br>Тербеледі ағаштар<br>Кіп – кішкене ағаштар<br>Үлкен болып өседі.<br>Үлескедегі еңбек: Қалған қарлардан тау жасауға болатынын көрсету. Еңбектенуге үйрету.<br>Қимылды ойын: «Алып қаш», «Шеңберге түсір» шапшаңдыққа, дәлдікке үйрету.<br>Жеке жұмыс: Саппен дұрыс жүре білуге дағдыландыру.<br>Өзіндік іс – әрекет: жаттығуларды өз еріктерімен орындау. | Бақылау: Көктемгі алғашқы гүлдерді бақылау.<br>Бар табиғат нәр алып,<br>Шыға келер жаңарып<br>Қызғалдақ боп құлпырған<br>Көктем біздің балалық.<br>Үлескедегі еңбек: Үлескедегі бассейн орнын тазалау. Еңбектенуге талпындыру.<br>Қимылды ойын: «Қаздар – қаздар», «Торғайлар мен машина»<br>Жеке жұмыс: Тақпақтар айту.<br>Сылдыр – сылдыр тап – таза<br>Мөлдір бұлақ басталды.<br>Өзіндік іс – әрекет: ағаштардың бүршік жарғанын тамашалау. | Бақылау: Бұталарды бақылау. Үлескедегі әдемі бұталарды сындырмай сақтай білу және қорғау. Үлескедегі еңбек: Түскен ағаш бұтақтарын жинау. Өз үлескелерін таза ұстауға үйрету. Қимылды ойын: «Қасқырды ұста», «Допты жоғары көтер» шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмыс: Бір тізбекпен жүріп үйрену. Кедергілерден қорықпаймыз, жылдам өте шығамыз. Өзіндік іс – әрекет: ойын құралдарын таңдай біліп, өздері ойнай білу. | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br><br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | Дәуренге түзу жүруді үйрету | Мединаға шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды үйрету. | | |
| **Серуен** | Жапырақтардан қарапайып дестелер құрастыру **(құрастыру)**<br>Қимылды ойын: «Поезд»<br><br>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»<br><br>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар | Әр түрлі құрылыс материалдардан қарапайып құрылыстарды құрастыру **(құрастыру)**<br><br>Қимылды ойын: «Поезд»<br><br>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың назар[illegible] тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысы[illegible]ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Салт-дәс түрлер жайлы сұрау | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Киіз үй туралы баяндап пазл құрату | Наурыз мерекесі жайлы сұрау | Жұмбақ жасыруға үйрету | |
| | | | | | |

**«Тексерілді»**
**15 «Әлия» бөбекжайы**
**МКҚК-ны әдіскері:**
**________У.Г. Нурмухаммедова**
**«15» 03 2024**

Scanned with CamScanner